

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 қыркүйек N 1219

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

"Бюджет жүйесі туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225-құжат; N 20, 731-құжат; N 21, 783-құжат; N 23, 916, 928, 930-құжаттар; 2000 ж., N 21, 395-құжат; 2001 ж., N 1, 6-құжат; 2001 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 8 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 3 мамырдағы Z010182_ Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджеттік өтінім - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген құрамда және нысандар бойынша бюджетті әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламаны негіздеу және оны қаржыландыру сомасын анықтау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынатын құжаттардың жиынтығы;" ;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама - бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешені";

мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"несиелерді қайтару - бұрын бюджеттен берілген несиелер бойынша негізгі борышты қайтару сомасы";

он бесінші абзацтағы "және бюджеттен қайтарымды негізде бөлінген кредиттердің" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырма бірінші, жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"бюджеттің шығындары - қайтарымды негізде бюджеттен бөлінетін қаражат; инвестициялық жоба - белгіленген тәртіппен ресімделген құжаттарға сәйкес белгілі бір мерзімде жүзеге асырылатын және материалдық объектілерді жасау немесе жетілдіру жолымен мемлекеттің активтерін көбейтуге бағытталған іс-шаралар кешені;

бюджеттің атқарылуы - бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау";

жиырма бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет профицитін пайдалану - бюджет қаражатының қалдықтарын жұмсау түсімдердің мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден, қарыз алудан және негізгі борышты өтеуге бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға, борышты басқару мақсатында бюджет қаражатының бос қалдықтарын қалыптастыруға бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатудан тартылған ақшаның бюджет шығыстарынан асып түсу процесі. Бюджеттің профицитін пайдалану көлемі негізгі борышты өтеу және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу көлемінің тартылған ақша мен бюджет қаражаты қалдықтарының көлемінен артуымен өлшенеді.";

жиырма екінші абзацтағы "мен кредиттеу" және "бос" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырма үшінші және жиырма төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"несиелер - белгіленген тәртіппен бюджеттен жеке және заңды тұлғаларға, төмен тұрған бюджеттерге қайтарымды және ақылы негізде бөлінетін қаражат. Төмен тұрған бюджеттерді кредиттеу заңдарда көзделген жағдайларда тегін жүзеге асырылуы мүмкін ;

мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешегі - белгіленген мерзімде төленбеген қабылданған міндеттемелердің сомасы";

жиырма төртінші абзацта:

"мемлекеттік міндеттерді" деген сөздер "жергілікті мемлекеттік басқару міндеттерін"
" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жергілікті маңызы бар жобаларды" деген сөздер "жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жиырма бесінші абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті уәкілетті орган - тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қаржысын басқаруға әкім уәкілеттік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы о р г а н ; " ;

мынадай мазмұндағы жиырма алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"бюджет қаражатының қалдықтары - қаржы жылының бас кезіндегі бос қалдықтардың және ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша есепті кезеңнің ішінде пайда болған бюджет қаражаты қалдықтарының сомасы;" ;

жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ресми трансферттер - гранттарды қоспағанда, бюджетке түсетін қайтарымсыз негізде және қайтарылмайтын түсімдер немесе бюджеттің шығыстары;" ;

мынадай мазмұндағы жиырма сегізінші және жиырма тоғызыншы абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"бюджеттік бағдарламаның паспорты - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе әкімият бекітетін, бюджеттік бағдарламаның мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, жауапты атқарушыларын, орындалу мерзімдерін, ұлттық валютадағы құнын, қаржыландыру көздерін және басқа да сипаттамаларын анықтайтын құжат;

бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары - мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін қабылдаудың, экономикалық жіктеме бөлінісінде оларды орындау үшін төлемдерді жүзеге асырудың айлар бойынша кестесі;
"

жиырма сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өтеу - үкіметтік борышты және жергілікті атқарушы органдардың борышын қ а й т а р у с о м а с ы ; " ;

жиырма тоғызыншы абзацтағы "бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтеудің" деген сөздер "несиелерді қайтарудың" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы отыз екінші абзацпен толықтырылсын:

"қабылданған міндеттеме - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында тіркелген мемлекеттік мекеменің төлемдер жөніндегі м і н д е т т е м е с і ; " ;

отыз екінші абзац алынып тасталсын;

отыз үшінші абзацтағы "және қайтарымды негізде берілетін" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы отыз төртінші абзацпен толықтырылсын:

"рұқсат - мемлекеттік мекемелер оның шегінде төлемдер бойынша міндеттемелер қабылдайтын бюджет қаражатының лимитін анықтайтын құжат;"

отыз төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет шығыстары - бюджеттің шығындары мен несиелерінің жиынтығы;"

о т ы з а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"мемлекеттік міндеттерді" деген сөздер "мемлекеттік басқару міндеттерін" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"республикалық маңызы бар жобаларды" деген сөздер "республикалық деңгейде мемлекеттік саясатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

отыз жетінші абзацтағы "есепті кезеңді ескере отырып" деген сөздер "есепті кезеңде инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қажетті соманы шегере отырып" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы отыз сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"қаржыландырудың жиынтық жоспары - кезеңдер бойынша бөле отырып, бюджет бөліктерінің теңгерімді жиынтық қаржылық жоспары;"

қырық бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"есепті кезең - жаңа қаржы жылына енбейтін кезең, бұл кезең ішінде өткен қаржы жылында бекітілген қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген инвестициялық жобаларға арналған бюджеттік шығыстар бойынша, сондай-ақ ресми трансферттерді бюджеттерге есептеу бойынша қорытынды операциялар жүргізіледі. Алдағы жылдың бюджеті үшін есепті кезең ағымдағы жылдың 1 сәуірінде аяқталады;"

қырық төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджет тапшылығын қаржыландыру - негізгі борышты өтеу, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу, бюджеттің тапшылығын жабу және борышты басқару мақсатында бюджет қаражатының бос қалдықтарын қалыптастыру үшін осы ақшаны, сондай-ақ бюджет қаражатының қалдықтарын пайдалану мақсатында мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды қарызға алу және сату жолымен ақша тарту процесі. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемі тартылған ақша көлемінің және бюджет қаражаты қалдықтарының негізгі борышты өтеуден және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алудан асып түсуімен өлшенеді.";

қырық жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мақсатты инвестициялық трансферттер - заң актілерімен немесе мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген соманың шегінде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрғанына беретін

ресми трансферттер;"

2) 5-баптың 5-тармақшасы алынып тасталсын;

3) 6-бапта:

1) тармақшаның үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"алынған ресми трансферттер,
несиелерді қайтару;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шығыстар:

шығындар,

несиелер;"

4) мынадай мазмұндағы 6-2, 6-3 және 6-4-баптармен толықтырылсын:

"6-2-бап. Бюджеттік бағдарламалар

1. Бюджеттік бағдарламалар:

1) ағымдағы бюджеттік бағдарламалар;

2) бюджеттік даму бағдарламалары болып бөлінеді.

2. Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар заң актілеріне сәйкес мемлекеттік басқару міндеттерін орындауға бағытталған, тұрақты сипаты бар немесе біржолғы іс-шараларды өткізуді көздейтін бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

Бюджеттік даму бағдарламалары адам ресурстарын дамытуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және институционалдық дамуына бағытталған бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

6-3-бап. Инвестициялық жобалар

1. Жалпы республикалық маңызы бар және орталық мемлекеттік органдар іске асыратын инвестициялық жобалар республикалық инвестициялық жобалар болып табылады. Республикалық инвестициялық жобалар шығындық негізде қаржыландырылады.

Облыстық, қалалық немесе аудандық маңызы бар және жергілікті атқарушы органдар іске асыратын инвестициялық жобалар жергілікті инвестициялық жобалар болып табылады.

2. Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсынылатын республикалық инвестициялық жобалар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында көрсетілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына сәйкес келуі;

жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен бірге жоба бойынша белгіленген тәртіппен ресімделген жобалық-сметалық құжаттаманың болуы;

салалық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;
экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық атқарушы органның оң
қ о р ы т ы н д ы с ы н ы ң б о л у ы .

3. Жергілікті бюджет комиссиясының қарауына ұсынылатын жергілікті инвестициялық жобалар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

облыстың, Астана және Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында көрсетілген аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының б а с ы м д ы қ т а р ы н а с ә й к е с к е л у і ;

жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен бірге жоба бойынша белгіленген тәртіппен ресімделген жобалық-сметалық құжаттаманың болуы;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын экономикалық жоспарлау жөніндегі атқарушы органның оң қорытындысының болуы;

инвестициялық жобаны қайтарымды негізде қаржыландыру кезінде оның өтелімділігі туралы сарапшылық қорытынды.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары республикалық инвестициялық жобаларды іске асыруы үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлінеді.

Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары инвестициялық жобаларды іске асыруы үшін аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне облыстық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлінеді.

5. Инвестициялық жобаларды қарау ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

6 - 4 - б а п . Б ю д ж е т к о м и с с и я с ы

1. Қазақстан Республикасының Президенті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органы тиісінше республикалық бюджет комиссиясын және облыстың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) бюджет комиссияларын құрады, олардың міндеттері мен жұмыс істеу тәртібін анықтайды. Бюджет комиссиясы қызметінің құқықтық негізін осы Заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

2. Республикалық және жергілікті бюджет комиссиялары өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады. Бюджет комиссиясы жұмысының жоспар-кестесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесінде анықталған мерзімге сәйкес белгіленеді.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу және нақтылау мақсатында республикалық бюджет комиссиясы және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) бюджет комиссиялары:

үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің негізгі болжамды көрсеткіштерін анықтайды;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған шығыстар лимиттерін анықтайды;

м ы н а л а р :

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары және аумақтарды

дамытудың салалық (секторлық) бағдарламалары, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары;

бюджетті нақтылау;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын нақтылау және бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпараттың негізінде бюджеттік бағдарламаларды одан әрі іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қарайды және дайындайды;

Қазақстан Республикасының Президенті немесе облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары анықтайтын басқа да міндеттерді орындайды.";

5) 7-бапта:

1) а) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы;"

үшінші абзац алынып тасталсын;

төртінші абзацта:

"өндірілген тауарларға" деген сөздерден кейін ", орындалған жұмыстарға және" деген сөздермен толықтырылсын;

"жұмыстар мен қызмет көрсетулерге" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзацтағы "тауарларға" деген сөзден кейін ", орындаған жұмыстарға және" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші және отыз үшінші абзацтар алынып тасталсын;

отыз төртінші абзацта:

"алымдар" деген сөз "алым" деген сөзбен ауыстырылсын;

"алымдардан" деген сөз "алымнан" деген сөзбен ауыстырылсын;

отыз бесінші және отыз алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

отыз жетінші абзацтағы "аударымдық және жай вексельдерге қатысты" деген сөздер алынып тасталсын;

қырқыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;"

қырық үшінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым;
радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды
мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;

теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік
тіркегені үшін алым;

теледидар және радиохабар тарату ұйымдарына радиожіілік спектрін
пайдалануға арналған рұқсатты бергені үшін алым;

дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым;
республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды
пайдаланғаны үшін төлемақы;

республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының
бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін
төлемақы;

консулдық алым;"

2) б) тармақшада:

бесінші, он үшінші, он бесінші, он сегізінші, жиыrmасыншы, жиырма
екінші абзацтар алынып тасталсын;

3) в) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге
бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;"

4) 2) тармақшада:

бірінші абзацтағы "(гранттар)" деген сөз алынып тасталсын;

екінші абзац алынып тасталсын;

5) 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бұрын берілген несиелерді, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді
орындауға республикалық бюджеттен бағытталған қаражат бойынша республикалық
бюджетке берешекті өтеу есебіне өндіріп алынған және алынған мүлікті сатудан (жалға
, лизингке беруден) түсетін түсімдерді қоса алғанда, республикалық бюджеттен
берілген кредиттерді қайтару;"

6) 7-1 баптағы "24" деген сан "24-1" деген сандармен ауыстырылсын;

7) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы отыз екінші және отыз үшінші абзацтармен
толықтырылсын:

"республикалық бюджеттен берілген несиелерге және мемлекет кепілдік берген
заемдарға қызмет көрсетуді, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктер бойынша
міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен бағытталған қаражаттың
қайтарылуын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік

берген заңды тұлғаларға берілетін сыйақыларды;

бұрын берілген несиелер, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен бағытталған қаражат бойынша республикалық бюджетке берешекті өтеу есебіне өндіріп алынған және алынған мүлікті сақтауға, есепке алуға, бағалауға және сатуға арналған шығындарды;"

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін" деген сөздер "Орталық мемлекеттік органдарды және олардың аумақтық бөлімшелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақтағы "Республикалық бюджеттен шығыстар мен кредиттеудің" деген сөздер "Республикалық бюджеттен шығыстардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10-бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтарымен толықтырылсын:

"4. Тиісті облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары мен аудандық (қалалық) бюджеттердің әзірлену және атқарылу процесіне, осы Заңда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының араласуына жол берілмейді.

5. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тізбесін

жергілікті өкілді органдар бекітетін әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар айқындайды.";

9) 11-бапта:

1) а) тармақшада:

екінші абзац алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы "тауарларға," деген сөзден кейін "орындалған жұмыстарға және" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"спирттің барлық түрлеріне,

алкоголь өнімдеріне;"

жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші абзацтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"темекі бұйымдары, құрамында темекі бар басқа да бұйымдар;

бекіре және қызыл балық уылдырықтары;

алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар;

бензин (авиациялық бензинді қоспағанда);

дизель отыны;

атыс және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдары мұқтаждары үшін сатып алынғаннан басқа);" ;

он жетінші, он сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:
"лотереялар ұйымдастыру және өткізу;
жеке табыс салығы;" ;
жиырма бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;" ;
жиырма сегізінші абзацтағы аукциондық сатудан" деген сөздер
"аукциондардан" деген сөзбен ауыстырылсын;
жиырма тоғызыншы және отызыншы абзацтар алынып тасталсын;
отыз бірінші абзацтағы "алымдар" деген сөз "алым" деген сөзбен
ауыстырылсын;
отыз екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;" ;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"консулдық алымнан басқа, мемлекеттік баж;
жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және олармен
жасалған мәмілелер үшін алынатын алым;
механикалық көлік құралдары мен тіркеуіштерді мемлекеттік тіркеу үшін
алынатын алым;
жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды
пайдаланғаны үшін төленетін төлем;
жергілікті маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының
бөлінген белдеуінде және елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнамалар
орналастырғаны үшін төлемақы;
жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы." ;
2) б) тармақшада:
алтыншы, оныншы, он бірінші, он үшінші, он төртінші және он алтыншы
абзацтар алынып тасталсын;
3) в) тармақшада:
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге
бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;" ;
үшінші абзац алынып тасталсын;
4) 2) тармақшада:
бірінші абзацтағы "(гранттар)" деген сөз алынып тасталсын;
екінші абзац алынып тасталсын;
5) 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"3) жергілікті бюджеттерден берілген несиелерді қайтару." ;
10) 12-бапта:

1) 1-тармақтың он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті атқарушы органдар қоршаған ортаны қорғау жөнінде өткізетін іс-шаралар";

2) 2-тармақтың екінші абзацында:

"Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін" деген сөздер "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "әкімият" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 2-1-тармақтағы "Жергілікті бюджеттен шығыстар мен кредиттеудің" деген сөздер "Жергілікті бюджеттен шығыстардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 13-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "күтпеген шығыстарды" деген сөздер "республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында кідіріссіз қаржыландыруды талап ететін шығыстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "төтенше жағдайларды жоюға" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен анықталатын өзге де күтпеген шығыстарға" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары негізінде және Қазақстан Республикасының Үкіметі өткен қаржы жылында бекіткен үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

1) республикалық бюджет комиссиясы белгілеген республикалық бюджеттің шығыстары лимиттерінің шегінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді;

2) алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі жөніндегі ұсыныстарды енгізеді.

3. Орталық атқарушы органдар және басқа да мемлекеттік органдар заңнамаға сәйкес өзге де ұсыныстар мен деректерді ұсынады.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне келісуге мынадай болжамды көрсеткіштерді:

облыстың, Астана және Алматы қаласының бюджеттеріне түсетін түсімдерді;
облыстың, Астана және Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылының аяғына арналған борышының көлемін;
облыстың, Астана және Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығыстарының көлемін ұсынады.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заңнамаға сәйкес өзге де көрсеткіштер мен деректерді де ұсынады.

5. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық атқарушы орган ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша республикалық бюджет комиссиясы анықтаған шығыстар лимитінің шегінде инвестициялық жобалардың тізбесі мен республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі жөніндегі ұсынысты республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) осы баптың 4-тармағында көрсетілген облыстардың, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін келіседі;

2) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне республикалық бюджет шығыстарының лимиттерін, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарламалардың және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына республикалық бюджет комиссиясы анықтаған алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесін және республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемін жеткізеді;

3) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және олар бойынша қорытынды дайындайды;

4) республикалық бюджет комиссиясының қарауына: мемлекеттік бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін;

шикізат секторы ұйымдарының тізбесін;
республикалық бюджеттің шығыстар лимиттерін қоса алғанда, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша республикалық бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін;

республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдер жөніндегі қорытындысын;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша кредиторлық берешегінің сомасын; алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын; осы Заңның 15-бабында белгіленген басқа да көрсеткіштерді енгізеді;

5) республикалық бюджет комиссиясы анықтаған алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкілікті нұсқасының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын және Қазақстан Республикасының алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерін жасайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;

6) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдағаннан кейін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына осы баптың 4-тармағында көрсетілген келісілген болжамды көрсеткіштерді жібереді;

7) үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.

Қаржы министрлігі заңнамада көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы

7. Республикалық бюджет комиссиясы:

1) м ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің үш жылдық кезеңге арналған б о л ж а м д ы к ө р с е т к і ш т е р і н ;

республикалық бюджеттің шығыстар лимиттерін қоса алғанда, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша республикалық бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды к ө р с е т к і ш т е р і н ;

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды, оның ішінде облыстарда, Астана және Алматы қалаларында іске асырылатын жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесі мен республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемін;

ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан республикалық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін жоспарланған қаржы жылында өтеу көлемін;

алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын; осы Заңның 15-бабында белгіленген басқа да көрсеткіштерді қарайды және а н ы қ т а й д ы ;

2) олардан түсетін түсімдердің болжамды көлемдерін анықтау және оны кейіннен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі үшін шикізат секторы ұйымдарының
тізбесін қарайды;

3) мыналар:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары арасындағы жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштері жөніндегі келіспеушілікті реттеу;
республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қарайды және шешім шығарады.

Республикалық бюджет комиссиясы заңнамада көзделген өзге өкілеттіктерді де жүзеге асыруға құқылы.

8. Мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларда бағдарламалық іс-шараларды іске асыруға көзделетін шығыстардың жалпы көлемі мемлекеттік және республикалық бюджеттердің үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштері шеңберінде анықталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларының және салалық (секторлық) бағдарламаларының жобалары көздер және қаржыландыру мерзімдері бөлінісінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі жөніндегі республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы болған кезде бекітіледі. Бұрын бекітілген мемлекеттік бағдарламалар, салалық (секторлық) бағдарламалар республикалық бюджет комиссиясының тиісті қорытындысы болған кезде өзгертілуге жатады.

9. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

13) 15 - бапта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"кірістердің, алынған ресми трансферттердің, республикалық бюджеттен берілген несиелерді қайтарудың, шығындардың, несиелердің және бюджет тапшылығының (профицитінің) көлемдерін;" ;

тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларының тізбелерін;" ;

он төртінші абзацтағы "өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша, оның ішінде:" деген сөздер "республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің ағымдағы қаржы жылының басында қалыптасқан кредиторлық берешегін өтеу сомасын қамтуы тиіс." деген сөздермен ауыстырылсын;

он бесінші және он алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

14) 16-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының

мемлекеттік бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін" деген сөздер "өздері бекіткен республикалық бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 1 7 - б а п т а :

бірінші бөлік 1-тармақ болып саналсын;

мынадай мазмұндағы 2 және 3-тармақтармен толықтырылсын:

"2. Республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды республикалық бюджет комиссиясы қарайды.

3. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде республикалық бюджетті әзірлеу кезінде мемлекеттік органдарға қойылатын талаптар сақталады.";

16) 18-баптың 3, 4, 5, 6, 7, 7-1, 8, 9 және 9-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын :

"3. Облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде облыстың, Астана, Алматы қаласының жергілікті уәкілетті органына:

1) облыстың, Астана және Алматы қаласының бюджет комиссиясы белгілеген облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қаласы бюджетінің шығыстары лимиттері шегінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді;

2) алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар жөніндегі ұсыныстарды енгізеді.

Облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар заңдарға сәйкес өзге ұсыныстар мен деректерді де ұсынады.

4. Аудандардың, (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамын жергілікті уәкілетті органға келісуге ұсынады.

Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары облыстың жергілікті уәкілетті органына заңдарға сәйкес өзге де көрсеткіштер мен деректерді ұсынады.

5. Облыстың, Астана, Алматы қаласының жергілікті уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде:

1) осы баптың 4-тармағында көрсетілген аудандар (қалалар) бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін келіседі;

2) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджетінің шығыстары лимиттерін, сондай-ақ жергілікті бағдарламалардың әкімшілеріне және аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстың бюджет комиссиясы анықтаған алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесін және облыстық бюджеттен

қаржыландыру көлемдерін жеткізеді;

3) облыстық бюджеттен, Астана, Алматы қаласының бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және олар бойынша қорытынды дайындайды;

4) облыс, Астана және Алматы қалалары бюджет комиссиясының қарауына: облыс бюджетінің үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін; облыстық бюджеттің шығыстары лимиттерін қоса алғанда, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджетінің, болжамды көрсеткіштерін;

облыстың, Астана, Алматы қаласының бюджеттік комиссиясы ағымдағы қаржы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимитінің шегінде анықтаған инвестициялық жобалардың жергілікті бюджеттің қаражатынан қаржыландыру тізбесі мен көлемдері бойынша ұсыныстарды;

облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қаласының бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қорытындыны;

ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан әрбір тиісті облыстық бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қаласының бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер кредиторлық берешектерінің сомасын;

алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің жобасын; осы заңның 18-2-бабында белгіленген басқа да көрсеткіштерді енгізеді;

5) облыстың, Астана және Алматы қаласының бюджет комиссиясы анықтаған алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет жобасының түпкі нұсқасы негізінде облыстық бюджеттің алдағы қаржы жылына арналған жобасын және облыстың, Астана, Алматы қаласы бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін облыстың, Астана, Алматы қалаларының әкімшісіне ұсынады;

6) облыстық бюджет жобасын облыстың, Астана, Алматы қаласының әкімшісі мақұлдағаннан кейін осы баптың 4-тармағында көрсетілген келісілген болжамды көрсеткіштерді аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына ұсынады;

7) облыс, Астана және Алматы қаласы бюджетінің болжамын 1 тамызға дейін Қаржы министрлігіне ұсынады.

Облыстың, Астана және Алматы қаласының жергілікті уәкілетті органы заңдарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

6. Облыстың, Астана және Алматы қаласының бюджет комиссиясы:

1) мыналарды:

облыс бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін; облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қаласы бюджетінің, оның ішінде

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимиттерін қоса алғанда, облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қаласы бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін;

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды, оның ішінде ауданда (қалада) іске асырылатын инвестициялық жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың жергілікті бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін;

ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қаласының бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер кредиторлық берешегінің жоспарланған қаржы жылындағы өтеу көлемін;

облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қаласы бюджетінің алдағы қаржы жылына арналған жобасын;

осы заңның 18-2-бабында белгіленген басқа да көрсеткіштерді қарайды және анықтайды;

2) мыналар:

аудандар (қалалар) бюджетінің болжамды көрсеткіштері бойынша облыстың жергілікті уәкілетті органы мен аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органының арасындағы келіспеушіліктерді реттеу;

облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қаласы бюджетінің есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қарайды және шешім шығарады.

Облыстың, Астана және Алматы қаласының бюджет комиссиясы заңдарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

7. Аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларында бағдарламалық іс-шараларды іске асыруға көзделетін шығыстардың жалпы көлемі облыс, Астана және Алматы қаласы бюджетінің үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштері шеңберінде анықталуы тиіс.

Аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының жобалары қаржыландыру көздері және мерзімдері бөлінісінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемдері бойынша облыс, Астана және Алматы қаласы бюджет комиссиясының қорытындылары болған кезде бекітіледі. Бұрын бекітілген аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламалары облыс, Астана және Алматы қаласы бюджет комиссиясының тиісті қорытындысы болған кезде өзгертілуге жатады.

8. Облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қаласы бюджетінің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

17) мынадай мазмұндағы 18-1, 18-2, 18-3-баптармен толықтырылсын:

"18-1-бап. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерін әзірлеу

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімде аудандардың (қалалардың) бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органына:

1) ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы белгілеген аудан (қала) бюджетінің шығыстары шегінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді;

2) алдағы қаржы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстарды енгізеді.

2. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде:

1) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне аудан (қала) бюджетінің шығыстары лимиттерін, сондай-ақ ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесін және аудан (қала) бюджетінен қаржыландыру көлемдерін жеткізеді;

2) аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және ол бойынша қорытынды дайындайды;

3) ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына: аудан (қала) бюджетінің, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шығыс лимиттерін қоса алғанда, алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерін;

ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, жобалар бойынша шығыстар лимитінің шегінде анықтаған ауданның (қаланың) бюджет қаражатынан қаржыландыру тізбесі мен көлемдері жөніндегі ұсыныстарды;

ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қорытындыларды;

ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешек сомасын;

ауданның (қаланың) алдағы қаржы жылына арналған бюджет жобасын; осы заңның 18-2-бабында белгіленген басқа да көрсеткіштерді енгізеді;

4) ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасының аудан (қала) бюджетінің жобасын және аудан (қала) бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштері негізінде ауданның (қаланың) әкімиятына ұсынады;

5) аудан (қала) бюджетінің жобасын ауданның (қаланың) әкімияты мақұлдағаннан

кейін аудан (қала) бюджетінің болжамын облыстың жергілікті уәкілетті органына ұ с ы н а д ы .

Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

3. Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы: 1) м ы н а л а р д ы :

аудан (қала) бюджетінің, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шығыс лимиттерін қоса алғанда, алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды к ө р с е т к і ш т е р і н ;

ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобаларды ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін;

ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер кредиторлық берешегінің қаржы жылы ж о с п а р л а н ғ а н ө т е у к ө л е м і ;

алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджетінің жобасын;
осы заңның 18-2-бабында белгіленген басқа да көрсеткіштерді қарайды және а н ы қ т а й д ы .

2) ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және олар бойынша ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

4. Аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларында бағдарламалық іс-шараларды іске асыруға көзделетін шығыстардың жалпы көлемі аудан (қала) бюджетінің үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштері ш е н б е р і н д е а н ы қ т а л у ы т и і с .

Аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының жобалары қаржыландыру көздері және мерзімдері бөлінісінде ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемдері жөніндегі қорытындысы болған кезде бекітіледі. Бұрын бекітілген аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламалары ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының тиісті қорытындысы болған кезде өзгертілуге жатады.

5. Аудан (қала) бюджетінің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобасын әзірлеу ережесіне с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

18-2-бап. Мәслихаттардың жергілікті бюджет туралы шешімі

1. Мәслихаттың тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы ш е ш і м і н д е :

кірістердің, алынған ресми трансферттердің, жергілікті бюджеттерден берілген несиелерді қайтарудың, шығындардың, несиелердің, бюджет тапшылығының (профицитінің) және бюджет тапшылығын қаржыландырудың (профицитін п а й д а л а н у д ы ң) к ө л е м і ;

жергілікті атқарушы органдар резервтерінің мөлшері;
облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимиті;

облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың көлемі;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген сомала Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жергілікті бюджеттен берілетін ресми трансферттердің сомасы;

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың функционалдық топтары, әкімшілері бойынша және кіші бағдарламалар бойынша шекті шығыстардың тізбесі;

ағымдағы бюджеттік бағдарламалардың және даму бюджеттік бағдарламаларының т і з б е л е р і ;

тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде қысқартуға жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген тізбесі;

ағымдағы қаржы жылының басында қалыптасқан жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешектерін өтеу с о м а с ы ;

тиісті қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның борышын өтеу к ө л е м і қ а м т ы л у ғ а т и і с .

18-3-бап. Жергілікті бюджетті қарау және бекіту

1. Облыстардың, Астана және Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң күшіне енгеннен кейін екі аптадан кешікпейтін мерзімде бюджеттің бұрын жасалған көлемдерін нақтылайды және оның бекітілді бойынша екі апта ішінде шешім қабылдайтын облыстық бюджеттің, Астана және Алматы қалалары бюджетінің жобасын тиісті мәслихатқа бекітуге енгізеді.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында бөлінетін кірістер бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің көлемін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген мөлшерлерде жергілікті атқарушы органдардың ұсынысы бойынша жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін тиісті қаржы жылына арналған

Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген көлемде жергілікті өкілді органдар б е к і т е д і .

3. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары облыстық бюджет бекітілгеннен кейін екі апта мерзімде аудан (қала) бюджетінің жобасын тиісті мәслихаттың бекітуіне енгізеді, ол екі апта мерзімнен кешіктірмей бюджеттік бекіту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

4. Тиісті мәслихаттар тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіткенге дейін 1-тоқсан бюджетінің атқарылуы тиісті қаржы жылына арналған жылдық бюджет жобасының 1/4 бөлігі мөлшерінде жүзеге асырылады.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдары аудандық мәслихаттар бюджетті бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін бір апта мерзімде облыстық (қалалық) бюджет және бекітілген жергілікті бюджеттердің негізінде жиынтықталған облыстық бюджеті туралы деректерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етеді.";

18) 18-1-бап мынадай мазмұндағы 1-2 және 1-3-тармақтармен толықтырылсын:

"1-2. Жергілікті бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджет к о м и с с и я с ы қ а р а й д ы .

1-3. Жергілікті бюджетті нақтылау кезінде атқарушы органдарға жергілікті бюджетті әзірлеу кезінде қойылатын талаптар сақталады.";

19) 18-1-бап 18-4-бап болып саналсын;

20) 19 - б а п т а :

1) 1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан республикалық бюджетте көзделген сомалар шегінде: жергілікті бюджеттерді несиелендіруді;

арнаулы заң актілеріне сәйкес қаржы институттарын несиелендіруді жүзеге асыруға қ ұ қ ы л ы . " ;

2) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен бағытталып бұрын берілген кредиттер, қаражаттар бойынша талаптардың тоқтатылуы Қазақстан Республикасының заң актілері негізінде жүзеге асырылады.";

21) 21-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттен берілген несиелер бойынша талаптарды тоқтату Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен жергілікті өкілді органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.";

22) 22-баптың бірінші бөлігінде:

екінші абзацтағы аймақтық инвестициялық бағдарламаларды" деген сөздер " инвестициялық жобаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "бағдарламаларды" деген сөз "жобаларды" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

23) 5-тарау "Бюджеттің атқарылуы" мынадай мазмұндағы 24-баппен толықтырылсын :

"24-бап. Бюджеттің атқарылуы

1. Бюджеттің атқарылуы бірыңғай қазынашылық шот және мемлекеттік мекемелердің шоты арқылы кассалық негізде жүзеге асырылады.

2. Түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы заңнамаларға сәйкес уәкілетті органдардың тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында немесе жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімінде белгіленгеннен төмен емес мөлшерде бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуден тұрады.

3. Шығыстар мен несиелендіру бойынша бюджеттің атқарылуы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындауға бағытталған іс-шараларды тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде бекітілгеннен аспайтын соманың шегінде жүзеге асырудан тұрады .

Шығыстар мен несиелендіру бойынша бюджеттің атқарылуы осы Заңның 24-1, 25-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тапшылықты қаржыландыру бойынша бюджеттің атқарылуы іс жүзінде қалыптасып отырған шығыстар мен несиелендірудің түсімдерден асып түсуін өтеуді қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асырудан көрінеді.";

24) 24 - б а п т а :

1) 1-1-тармақтың бірінші, үшінші және төртінші бөліктері алынып тасталсын;

2) 1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Республикалық бюджеттің шығыстар мен несиелендіру жөніндегі атқарылуы мынадай с а т ы л а р д а н :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру және республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы актілерді қабылдауынан;

бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын және республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасаудан және б е к і т у д е н ;

қазынашылық органдарының, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің рұқсаттарын беруінен;

мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін қабылдауынан;

республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына өзгерістер е н г і з у д е н ;

бюджет ақшасының есебінен төлемдер жүргізуден;

республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі операциялардың есебінен тұрады.";

3) 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру көздерін айқындайды және бюджеттің атқарылуы барысында мемлекеттік мекемелердің құрылымдары мен функцияларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген бағдарламалар бойынша сомалар шегінде бағдарламаларды іске асыратын мемлекеттік органдардың тізбесіне өзгерістер енгізуге құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен: тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісіне және бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған көлемін ескере отырып, бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарларына сәйкес республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жобасын бекітеді және өзгерістер енгізеді;

бюджетке түскен іс жүзіндегі түсімдерді республикалық бюджеттің және облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің арасында, облыстық бюджеттер мен аудандар (қалалар) бюджеттерінің арасында бөлінуін жүргізеді;

бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) паспорттарына, бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған көлемін ескере отырып, республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді;

республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің рұқсатына және бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) паспортына сәйкес мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеуді жүзеге асырады;

растайтын құжаттардың негізінде мемлекеттік мекемелердің қабылдаған міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады;

республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі жүргізілген операциялардың, қабылданған міндеттемелердің, заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік мекемелер алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегінің, үкіметтік борыштың, заңды және жеке тұлғалардың республикалық бюджет алдындағы борыштық міндеттемелерінің және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер активтерінің есебін жүргізеді;

бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған көлемі алдағы айларда міндеттемелерді қабылдауға және төлемдерді жүргізуге жеткіліксіз болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына өзгерістер

енгізудің қажеттілігі туралы ақпаратты табыстайды;

ағымдағы қаржы жылының ішінде бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған жылдық көлемі республикалық бюджет тізімдемесінің жылдық сомасына сәйкес келмеген жағдайда республикалық бюджеттің одан әрі атқарылуы жөніндегі шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етеді;

уақытша бос бюджет ақшаларын қазынашылық органдарының шоттарынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне) орналастырады;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалауды жүргізеді;

егер республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды бағалау нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес келмеуі анықталса, республикалық бюджетті нақтылау туралы ұсыныстар әзірлейді;

бөлінген қаражатты рұқсаттарда көзделмеген мақсаттарға пайдаланған жағдайда, бюджет қаражатын қайтарып алуды жүргізеді;

қаржыландыруды:

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына;

жүргізілген төлемдер қабылданған міндеттемелерге сәйкес келмеген жағдайда, тоқтата тұрады.

4. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі белгіленген тәртіппен: бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын бекітеді және өзгерістер енгізеді;

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларының республикалық бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарына бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын береді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берген рұқсаттар шегінде бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерге рұқсаттар береді;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу мониторингі мен бағалауын жүргізеді; республикалық бюджеттің атқарылуы жөнінде жасалған операциялардың есебін жүргізеді. " ;

4) мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме белгіленген тәртіппен:

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарын жасайды және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне оны өзгерту жөнінде ұсыныс енгізуге құқығы бар;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері рұқсаттарының шегінде бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес міндеттемелер қабылдайды;

бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес қабылданған міндеттемелер шегінде шығыстар жүргізеді;

республикалық бюджеттің атқарылуы жөнінде жасалған операциялардың есебін жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындауға қажетті ақпаратты береді.

4-2. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер бекітілген сомалар шегінде және республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың толық көлемде орындалуы үшін жауап береді.

4-3. Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары, бюджет қаражатының бос қалдықтары қаржы жылының ішінде негізгі үкіметтік борышты өтеуге және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға пайдаланылуы мүмкін.;"

25) 24-бап 24-1-бап болып саналсын;

26) 25 - бапта :

1) 1-1-тармақтың бірінші және үшінші бөліктері алынып тасталсын;

2) 1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Жергілікті бюджеттің шығыстар мен несиелендіру жөніндегі атқарылуы мынадай сатылардан :

әкімияттың ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы акті қабылдауынан;

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын және жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасаудан және бекітуден ;

жергілікті уәкілетті органдардың, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің рұқсаттарын беруден;

мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауынан;

жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуден ;

бюджет ақшасының есебінен төлемдер жүргізуден;
жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі операциялардың есебінен тұрады.";
3) мынадай мазмұндағы 1-3, 1-4, 1-5, 1-6 және 1-7-тармақтармен толықтырылсын:

"1-3. Жергілікті уәкілетті орган белгіленген тәртіппен:

ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы әкімияттың актісіне бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған көлемін ескере отырып, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына сәйкес жергілікті бюджеттік қаржыландырудың жиынтық жоспарын бекітеді және өзгерістер енгізеді және оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарына ұсынады;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына, бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемін ескере отырып, жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар б е р е д і ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылық органдарының ақпараты негізінде жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі жасалған операциялардың, қабылданған міндеттемелердің, заңды және жеке тұлғалардың тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің, тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегінің, жергілікті атқарушы орган борышының, заңды және жеке тұлғалардың жергілікті бюджет алдындағы және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер активтерінің есебін ж ү р г і з е д і ;

алдағы айларда бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған көлемі міндеттемелер қабылдауға және төлемдер жүргізуге жетіспеген жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізудің қажеттілігі т у р а л ы а қ п а р а т т ы б е р е д і ;

бюджетке түсетін ақша түсімінің күтіліп отырған көлемі жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомасына сәйкес келмеген жағдайда, ағымдағы қаржы жылының ішінде жергілікті бюджеттің одан әрі атқарылуы жөнінде шешімдер қабылдау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімиятын х а б а р д а р е т е д і ;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалауды жүргізеді;

егер жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды бағалау нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес еместігі анықталса, жергілікті бюджетті нақтылау туралы ұсыныс әзірлейді;

бөлінген қаражатты рұқсаттарда көзделмеген мақсаттарға пайдаланған жағдайда,

бюджет қаражатын қайтарып алуды жүргізеді.

1-4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдары белгіленген тәртіппен:

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің рұқсатына және бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеуді жүзеге асырады;

растайтын құжаттардың негізінде мемлекеттік мекемелердің қабылдаған міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады;

мемлекеттік мекемелердің тиісті шоттары және бірыңғай қазынашылық шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты ұсынады;

төлемдерді:

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына;

жүргізілетін төлемдердің қабылданған міндеттемелерге сәйкес келмеген жағдайда тоқтата тұрады.

1-5. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі белгіленген тәртіппен:

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын бекітеді және өзгерістер енгізеді;

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларының жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарына бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын ұсынады;

мемлекеттік мекемелерге жергілікті уәкілетті органның берген рұқсаттарының шегінде олардың бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларына, бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) паспорттарына сәйкес рұқсаттар береді;

жергілікті бюджеттің атқарылуы жөнінде жүргізілген операциялардың есебін жүргізеді;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу мониторингі мен бағалауын жүргізеді.

1-6. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме белгіленген тәртіппен:

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарын жасайды және оны өзгерту жөнінде ұсыныс жасауға құқығы бар;

бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің рұқсаттары шегінде міндеттемелер қабылдайды;

бюджеттік бағдарламаның паспортына сәйкес қабылданған міндеттемелер шегінде шығыстар жасайды;

жергілікті бюджеттің атқарылуы жөнінде жасалған операциялардың есебін
ж ү р г і з е д і ;

жергілікті уәкілетті органға жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп
дайындауға қажетті ақпаратты береді.

1-7. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттен
қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер бекітілген соманың шегінде және
жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес жергілікті бюджеттік
бағдарламалардың толық көлемде орындалуына жауап береді.";

4) 2-тармақтың бірінші, үшінші және төртінші бөліктері алынып тасталсын;

5) 2-1-тармақ алынып тасталсын;

6) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары жоғары
тұрған бюджетке алуға жатпайды.

Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары қаржы
жылының ішінде жергілікті атқарушы органдардың негізгі борышын өтеуге
п а й д а л а н ы л а д ы .

Ағымдағы қаржы жылында жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу
жөніндегі міндеттемелер болмаған жағдайда қаржы жылының басындағы бюджет
қаражатының қалдықтары жергілікті бюджетті нақтылау туралы мәслихаттың шешімі
негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталуы мүмкін."

5) 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді басқару тәсімін өзгерту туралы мәслихаттың
шешімі қабылданған жағдайда әкімшілік бюджеттің атқарылу барысында ағымдағы
қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімімен
бекітілген бюджеттік бағдарламалар бойынша сомалар шегінде жергілікті бюджеттік
бағдарламаларды іске асыратын жергілікті мемлекеттік органдардың тізбесіне
өзгерістер енгізуге құқығы бар.";

27) 26-баптың бірінші бөлігіндегі "және кредит беруді" деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н ;

2 8) 2 9 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын
қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызмет туралы" деген сөздерден кейін "және
мемлекеттік мекемелердің гранттарды алуы және жұмсауы туралы" деген сөздермен
толықтырылсын;

2-тармақтың төртінші бөлігі "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына
аудару көлемдері туралы" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік
мекемелердің гранттарды алуы және жұмсауы туралы" деген сөздермен

толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне немесе тиісті жергілікті уәкілетті органға мынадай есептерді:

1) ай сайын:

мемлекеттік мекемелердің гранттарды алуы және жұмсауы туралы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің белгілеген басқа да есептерін;

2) тоқсан сайын:

бюджеттік бағдарламалардың құжаттарына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың барысы туралы;

3) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей:

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы;

мемлекеттік мекемелердің гранттарды алуы және жұмсауы туралы;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген басқа да есептерін табыс етеді.

3-2. Қазақстан Республикасының, Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпаратты тиісті бюджеттік комиссияға белгіленген тәртіппен табыс етеді."

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.